

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамыр N 874. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.21. N 1640 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығын U973377_ жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы қоса

беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі N 1117

P961117_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 37, 353-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 874 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік қаржы саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруды үйлестіруші және бақылаушы орталық атқарушы органы болып т а б ы л а д ы .

2. Министрлік мемлекеттік қаржыларға басшылық жасайды, мемлекеттік бюджет салық саясаты және салық салу жүйесін жетілдірудің экономикалық негіздемесін әзірлеуге қатысады, бюджеттік қаражаттарды жұмсаудың басым бағыттары мен сырттан қарыз алудың көлемін айқындайды, мемлекеттің ішкі және сыртқы борыштарын басқарады, республикалық және жергілікті қазына қаражаттарының мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуына қаржылық бақылауды ұйымдастырады, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды және заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Министрліктің құрамына кіретін ведомстволар мен олардың аумақтық органдары, әкімдер аппараттарының қаржы басқармалары (бөлімдері), арнаулы экономикалық аймақтардың әкімшілік Кеңестерінің қаржыларын басқару органдары, сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері Министрліктің бірыңғай жүйесін құрайды және республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ұсталады.

4. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге нормативтік-құқықтық актілерді және осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдеріндегі өзінің атауы жазылған мөрі мен бланкілері болады.

II. Министрліктің негізгі міндеттері мен функциялары

6. Министрліктің бірыңғай мемлекеттік қаржы саясатын жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- мемлекеттік қаржыларды басқару;
- мемлекеттің қаржылық және бюджеттік саясатын әзірлеу;
- жоспарлаудың экономикалық әдістерін пайдалана отырып, республикалық бюджеттің және мемлекеттік топтастырылған бюджеттің жобасын қалыптастыру ;
- мемлекеттік макроэкономикалық көрсеткіштері мен ақша-несие саясатының негізінде республиканың кірістері мен шығыстары жөніндегі қысқа және орташа

мерзімді келешекке арналған ұсыныстарды әзірлеу;

- басым бағыттар бойынша шетел капиталын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

- қаржылық және бюджеттік жоспарлаудың және реттеудің әдістерін ж е т і л д і р у ;

- барлық меншік нысанындағы және қызмет түрлеріндегі заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың мемлекеттік қаржы тәртібін сақтауына бақылауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

- меншік қатынастарын басқару және қайтадан құру мәселелері бойынша, тиісті басымдықтарды, рәсімдер мен тетіктерді қамтитын мемлекеттік саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

- мемлекеттік меншікті пайдалануға, иелік ету мен билік жасау жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

- мемлекеттік меншікті пайдалануға бақылау жасау, осы саладағы заңдарды с а қ т а у ;

- мемлекеттік пайларды және акция пакеттерін басқаруды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудағы министрліктер мен ведомстволардың қызметін үйлестіру;

- өз құзыретіндегі мәселелер бойынша республиканың мүдделерін х а л ы қ а р а л ы қ д еңгейде білдіру;

- шетелдегі меншік мәселелері бойынша мемлекеттік мүдделерді сақтау, мемлекет қатысатын бірлескен кәсіпорындардың қызметіне бақылау жасау;

- кәсіпорындардың дәрменсіздігінің алдын алу және банкроттық туралы заңдарды іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қ а т ы с у ;

- банкроттық туралы істер бойынша іс жүргізуді қозғауға немесе дәрменсіз кәсіпорындарға қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу туралы шешімдер қабылдауға байланысты мәселелерді шешкен кезде мемлекет мүдделерін білдіру;

- банкроттық туралы заң нормаларын қолданудан туындайтын процестерді іске асыру мақсатында нормативтік және әдістемелік база құру жөніндегі ж ұ м ы с т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

- банкроттық бойынша мамандарды (әкімдерді, оңалтушы және конкурстық басқарушыларды) даярлау мен қайта даярлауды, аттестациялау мен лицензиялауды ұ й ы м д а с т ы р у ;

- банкроттық мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

- мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезінде сатып алу-сату шарттарының сақталуына, осы саладағы заңдардың сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

- жекешелендіруден кейінгі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу

;

- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- сақтандыру қызметті саласында мемлекеттік сақтық қадағалауды жүзеге асыру;

- белгіленген тәртіппен сақтандыру қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу;

- сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстанның сақтандыру ұйымдарының басқа елдердің сақтандыру компанияларымен халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу;

- Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, мемлекеттік кепілдік арқылы мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды тарту мен пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру;

- мемлекеттік сыртқы қарыздар мен гранттарды, мемлекеттік кепілдік арқылы мемлекеттік емес сыртқы қарыздарды пайдаланудың тиімділігіне мониторинг және бақылау жасау;

- Республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны халықаралық бухгалтерлік есеп жүйесімен кіріктіру;

- бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық есептіліктің әдістемесін айқындау және оны экономиканың барлық салалары үшін үйлестіру;

- экономиканың барлық саласындағы ұйымдардың бухгалтерлік есеп жағдайына зерттеулер жүргізу, талдау жасау;

- заңдарды қолдану тәжірибесін талдау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

- бухгалтерлік есеп және аудит мәселелері жөніндегі нормативтік объективті актілердің әділеттілікпен қаралуын және қабылдануын қамтамасыз ету;

- бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі заң негіздерінің және нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

- аудиторлық қызметті лицензиялау;

- республикада бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау);

- салықтардың және бюджетте төленетін басқа да міндетті төлемдердің және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

- салық салу мәселелері жөніндегі заңдардың, халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

- салықтық заңдардың орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін

з е р д е л е у ;

- салық заңдарының бұзылуына байланысты қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу және тергеу;

- салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдарының және салық салу жөніндегі нормативтік актілердің өзгерістері туралы салық төлеушілерді дер кезінде хабардар ету;

- салық қызметі органдарының жұмысына басшылықты жүзеге асыру;

- салықтық әкімдік жөніндегі әдістемелік және нұсқамалық материалдарды әзірлеу және бекіту;

- мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінде материалдық құндылықтарды жинақтау, босату және қайтарып алу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген жоспарлары мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

- меншік және бағыныс нысанына қарамастан, мемлекеттік резерв жүйесі кәсіпорындарындағы және басқа ведомстволардың жауапты сақтау пункттеріндегі мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз ету;

- төтенше жағдайларда кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтық қорғаныс құрамаларының мұқтаждары үшін және халықты жабдықтау үшін сақтаулы материалдық құндылықтарды босату;

- шикізаттық, отын-энергетикалық ресурстардың және азық-түліктің ең маңызды түрлерімен жабдықтау уақытша бұзылған кезде экономиканың әртүрлі салаларына, ұйымдарға белгіленген тәртіппен мемлекеттік қолдау көрсету;

- мемлекеттік резерв жүйесін ұстауға және дамытуға бағытталған қаржы қаражаттарының мақсатқа сай пайдаланылуын қамтамасыз ету, мемлекеттік резерв жүйесін дамыту, материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операциялар жүргізу;

- Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінде, оның ішінде кемімейтін қорда сақталуға жататын материалдық құндылықтардың номенклатурасы мен көлемдері жөнінде ғылыми негізделген, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген ұсыныстарды әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу;

- мемлекеттік резервтердегі материалдық құндылықтарды жұмылдыру жөніндегі жинақтау, броньнан шығару, жаңарту, ауыстыру, шығыстарды қаржыландыру жөніндегі жылдық жоспарлардың жобаларын, сондай-ақ мемлекеттік резервтегі материалдық құндылықтарды, елдің экономикасына тарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

- тиісінше Қарулы күштер үшін және төтенше жағдайлардың зардаптарын

жою кезінде кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының кемімейтін қорын аумақтық орналастыруды белгілеу және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісу;

- мемлекеттік резервті құру және мемлекеттік резервті пайдалану мәселелері жөніндегі ұйымдардың өтініштерін Үкіметтің тапсырмасы бойынша қарау, тиісті қорытындылар ұсыну;

- мемлекеттік және жұмылдыру резервтері материалдық құндылықтарының мөлшерін және қозғалысын жиынтық есепке алуды жүзеге асыру, мемлекеттік резерв бойынша тоқсан сайын және жұмылдыру резерві бойынша жыл сайын материалдық құндылықтардың жинақталуы, қайтарылуы және қозғалысы жөніндегі тапсырмалардың орындалуы туралы егжей-тегжейлі талдаумен Қазақстан Республикасының Үкіметіне есептер беру;

- мемлекеттік резерв жүйесінің кәсіпорындарын қаржыландыруды және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары үшін есеп айырысуды жүзеге асыру;

- орталық аппаратта және бағынысты ұйымдарда мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі ақпараттарды қорғауды ұйымдастыру;

- мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің материалдық құндылықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

- мемлекеттік резерв жүйесі кәсіпорындарында жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

- Экономика және сауда министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті жүргізетін тендерлердің қорытындылары бойынша мемлекеттік резервке өнімдер беру жөніндегі тікелей шарттар жасасу;

- заңдарда көзделген өзге де міндеттер.

7. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Министрлік мынадай негізгі функцияларды атқарады:

- басқа мемлекеттік органдармен өзара бірлескен іс-әрекетте мемлекеттік индикативтік жоспарларының, жиынтық қаржы балансының жобаларын әзірлеуге, ақша айналысын нығайту және ұлттық валютаны тұрақтандыру жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысады;

- мемлекеттік қаржы ресурстарын басқаруға қатысады және бюджеттік шығыстарды ұтымды ету жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- экономиканы қаржылық сауықтыру, бюджет тапшылығын, мемлекеттің ішкі және сыртқы борышын қысқарту жөнінде шаралар әзірлеуге қатысады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне әкімшілік-аумақтық бірліктердің

бюджеттерімен өзара қарым-қатынастарды айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді ;

- қаржы мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен келісімдер әзірлеу және жасасу бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

- қаржы нарықтары инфрақұрылымының институттарын қалыптастыру мен олардың қызметін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- қаржы заңдарының қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, өз құзыретіне жататын заң, нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

- шетелдерде жұмыс істейтін еншілес кәсіпорындарын, филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, барлық меншік нысаны мен қызмет түріндегі заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметінде заңдардың сақталуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

- басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттің мүдделерін оның меншігіне қол сұғудан қорғайды;

- заңдарда көзделген өзге де функцияларды орындайды.

7.1. Мемлекеттің бірыңғай қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыруға қатысты Министрлік мынадай функцияларды атқарады:

- әлеуметтік-экономикалық дамуды қаржыландыру жөніндегі көздерді болжауға және мемлекеттің индикативтік қаржы жоспарының жобасын әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

- республикалық бюджеттің жасалуы мен атқарылуын және жергілікті бюджеттермен және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлармен өзара қарым-қатынастарды реттеуді ұйымдастырады;

- нысаналы кешенді бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;

- салық және кеден саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

- мемлекеттің және азаматтардың қаржы мүдделерін қорғауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

- мемлекеттік борыштық міндеттемелерді шығаруды, орналастыруды және өтеуді жүзеге асырады. Жергілікті заемдар шығарудың шарттарын тіркейді, мемлекеттік ішкі борышының есебін жүргізеді, мемлекеттік бағалы қағаздарды т і р к е й д і ;

- бастапқы саудаластықта және қайталама ішкі нарықта бағалы металдармен операциялар жүргізеді, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардың үкіметтік резервінің е с е б і н жү р г і з е д і ;

- банктер мен кәсіпорындардың акцияларының мемлекеттік пакетін б а с қ а р а д ы ;

- республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілер мен тұрғын үй құрылысы жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

- институционалдық реформалар саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауға, мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және монополиялық қызметті шектеу бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

- бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың құрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады, олар ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың үнемді және нысаналы жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

- еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

- Қаржы министрлігі жүйесінің ұйымдары мен мекемелерінің мамандарға деген қажеттігін айқындайды және оларды мамандармен қамтамасыз етеді, мамандар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады, кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады;

- заңдарға, нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес бірыңғай қаржы-бюджет саясатын жүргізу жөніндегі басқа да функцияларды, сондай-ақ Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерінен туындайтын және оның құзыретіне жататын функцияларды жүзеге асырады.

7.2. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыруға қатысты Министрлік мынандай функцияларды о р ы н д а й д ы :

- республиканың басқа мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып, мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

- сыртқы экономикалық байланыстардың, экспорт пен импорт құрылымының тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүргізуге қатысады;

- шетелдік инвестициялар мен несиелерді тарту мен пайдалану саласында мемлекеттік саясатты айқындауға, сондай-ақ республика үшін экономикалық, техникалық және қаржылық көмекке деген қажеттілікті айқындауға және ол туралы халықаралық ұйымдарды, донор-елдерді хабардар етуге қатысады;

- Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен, Ұлттық Банкімен бірлесе отырып мемлекеттің сыртқы борышының лимитіне талдау жасайды және оны белгілейді, сондай-ақ шетелдік валютамен алынған несиелер үшін түпкі заемшымен есеп айырысудың тәртібін әзірлейді;

- Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шеңберінде берілген

бағдарламалық және жобалық заемдарды тарту, пайдалану, олардың мониторингі мен есепке алынуы саласындағы үйлестіруді жүзеге асырады;

- халықаралық тендерлер /конкурстар/ өткізеді және мемлекет кепілдігіне алынған заемдар мен несиелер шеңберінде тауарлар мен қызметтер сатып алу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

- заңдарға сәйкес сыртқы экономикалық қызмет және валюталық реттеу саласындағы басқа да функцияларды, сондай-ақ Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерінен туындайтын және оның құзыретіне жататын функцияларды жүзеге асырады.

7.3. Қаржылық бақылауды жүзеге асыруға қатысты Министрлік мынадай функцияларды орындайды:

- мемлекеттік меншік нысанындағы бюджеттік мекемелер мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, олардағы ақша қаражаты мен тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуына, мемлекет мүдделеріне қатысты басқа да қаржы мәселелері бойынша кезең-кезеңімен тексерістер мен тексерулер жүргізеді;

- тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорыту негізінде валюта қаражатын қоса алғанда, мемлекеттік қаражатты ұтымды пайдалану, кәсіпорындардың, ұйымдардың және өзге де заңды тұлғалардың мемлекетпен қаржы қатынастарын, есеп жүргізу әдістемесі мен қаржылық бақылауды ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- қаржылық бақылау саласында заңдарға сәйкес басқа да функцияларды, сондай-ақ Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерінен туындайтын және оның құзыретіне жататын басқа да функцияларды жүзеге асырады.

III. Министрліктің құқықтары

8. Министрлікке мемлекеттік қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыру бойынша жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін Министрліктің мыналарға:

- барлық заңды тұлғалардан бухгалтерлік баланстар және салық салу құрамы мен объектілері туралы басқа материалдар, сыртқы заемдар бойынша келісімдер туралы ақпарат, бюджет жобаларын жасау, оның атқарылуын ұйымдастыру, мемлекет алдындағы қаржы міндеттемелерінің орындалуына және мемлекеттік қаржы тәртібінің сақталуына қаржылық бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Министрлікке жүктелген басқа да функцияларды орындау үшін қажетті статистикалық және өзге де материалдар алуға;

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекет меншігіндегі мүлікке иелік

етуге, пайдалануға және билік жасауға;

- мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;

- мемлекеттік кәсіпорындар құруға, мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болуға;

- мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға қаражаттың келіп түсуіне қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен бақылау жасауды жүзеге асыруға;

- республикалық және жергілікті бюджеттердің кассалық атқару тәртібін белгілеуге және жергілікті бюджеттердің уақытша кассалық айырмашылықтарын жабуға несие беруге;

- ұйымдар бюджет қаражаттарын заңсыз және мақсатқа сай емес жұмсаған жағдайда, сондай-ақ жұмсалған қаражат туралы есеп бермеген кезде қаражатты даусыз тәртіппен бюджетке өндіріп алуға (кері қайтарып алуға) оларды Республикалық бюджеттен қаржыландыруды шектеуге немесе тоқтата тұруға;

- Министрліктің құзыреті шегінде қолданылып жүрген заңдардың негізінде және оларды орындау үшін меншік нысандарына, қызмет түрлеріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық ұйымдардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік актілер, сондай-ақ қаржы-бюджеттік жоспарлау мен қаржыландыру, салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеу мен алу, бухгалтерлік есеп пен аудит өткізу республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөнінде есеп жасау тәртібі, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару және олардың айналысының тәртібі мәселелері бойынша нұсқаулықтар, бұйрықтар мен нұсқамалар шығаруға құқығы бар.

9. Қаржылық бақылауды жүзеге асыруға қатысты Министрліктің мыналарды:

- қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тексерістер мен тексерулер жүргізуге, сондай-ақ санкциялар қолдануға;

- бюджет, валюта заңдарын бұзушылықты жою туралы барлық тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар беруге;

- Министрлік жүйесіне кіретін ведомстволардың есептілік, бюджеттік және қаржылық реттеу мәселелері бойынша қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін актілерінің қолданылуын тоқтата тұруға және жоюға құқығы бар.

10. Сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатысты Министрліктің мыналарға:

- шетелдік заемдар мен несие алушылардан алынған қаражаттың, сондай-ақ

мемлекет кепілдігіне берілген шетелдік несиелер мен заемдардың есебінен сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар мен технологиялардың мақсатқа сай пайдаланылғаны туралы есептерді сұратуға және алуға;

- Үкіметтің тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының атынан мемлекет алған сыртқы заемдар туралы келісімдерге қол қоюға және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сыртқы заемдарға мемлекет кепілдігін б е р у г е ;

- министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және өзге де орталық атқарушы органдар мен ұйымдардан қаржы және техникалық көмек қаражаттарын игерудің барысы туралы есептер алуға;

- Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де атқарушы органдардың жұмысына әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыруға және оны үйлестіріп отыруға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

11. Министрлік өзіне бағынысты ұйымдарды құру, қайта құру және тарату мәселелерін белгілеген тәртіппен шешуге, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісе отырып, қаржы жүйесінің жергілікті органдарын қайта құруды жүзеге асыруға құқылы.

12. Қаржы министрі осы Ережені орындау үшін құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді.

IV. Министрліктің қызметін үйлестіру

13. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын Министр б а с қ а р а д ы .

Министрдің орынбасарларын, заңды тұлға болып табылатын ведомстволардың басшыларын Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

14. Министрлікте Министрден (алқа төрағасы), Министрдің орынбасарларына, Министрліктің комитеттері мен департаменттерінің басшыларына, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлерінен тұратын алқа құрылады. Алқа мүшелерінің санын республиканың Үкіметі, ал алқаның жеке құрамын - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

Алқаның шешімдері Министрдің бұйрықтарымен іске асырылады. Алқаның мүшелері арасында дауыстар тең болған жағдайда шешімді алқаның төрағасы қ а б ы л д а й д ы .

15. Мемлекеттік қаржы саясатын жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Министрлік құрамына келісім бойынша министрліктердің,

мемлекеттік комитеттердің, басқа мемлекеттік органдардың және ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ жекелеген ғалымдар мен мамандарды енгізе отырып, әдістемелік (методологиялық) кеңестер, тұрақты жұмыс істейін және уақытша жұмыс топтарын құруға құқылы.

16. Министрліктің заңды тұлға болып табылатын комитеттері мен департаменттері туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қаржы министрі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Министрліктің орталық аппаратының және оның құрамына кіретін ведомстволардың штат кестесін бекітеді.

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы-экономикалық қызметін насихаттау, қаржы, бюджет, салық және несие саласындағы мамандардың теориялық және практикалық дағдыларын арттыру үшін, сондай-ақ қаржы-құқық мәселелері жөніндегі консультациялық әдістемелік және анықтамалық әдебиетпен қамтамасыз ету және оларды басып шығару үшін Министрліктің баспа органы мен полиграфиялық базасы болады.